

## 2012 жылға арналған Ұзынкөл ауданында ақы төленетін қоғамдық жұмыстарды үйімдастыру туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 90 қаулысы. Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 2 сәуірде № 9-19-172 тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабының 5) тармақшасына, 20-бабына сәйкес, Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Бекітілсін:

- 1) осы қаулының қосымшасына сәйкес 2012 жылға үйімдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары;
- 2) аудандық бюджет қаражатынан ең төмен жалақының бір жарым мөлшерінде қоғамдық жұмыстарда жұмыспен қамтылған азаматтардың еңбекақысы.

2. Жұмыссыздарды уақытша жұмысқа орналастыру үшін қоғамдық жұмыстар пайдаланылсын.

3. Қоғамдық жұмыстардың үйімдастырылуы "Ұзынкөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі және тізбеде белгіленген үйімдар арасында, қолданыстағы заңнамаға сәйкес жасалған қоғамдық жұмыстарды орындау шартында көрсетілген жағдайларда жүргізілсін.

4. "Ұзынкөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі:

- 1) қоғамдық жұмыстарды орындауга жұмыс берушілермен үлгілік шарттарды жасасын;
- 2) қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайларын есепке алсын;
- 3) ауданың бюджет қаражатынан қоғамдық жұмыстарға қатысуышылардың еңбек ақысын өтеу, оның ішінде 2012 жылға белгіленген міндепті зейнетақы жарналарын, табыс салығын төлеу үшін, жұмыс берушілердің есеп айрысу шоттарына ақшалай қаражатты аударсын;
- 4) жұмыс берушілерге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген мөлшерде Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды төлеуге арналған шығындар, жалақыны аудару мен төлеу бойынша

екінші деңгейдегі банктердің қызметі үшін комиссиялық сыйақы төлеуге арналған шығындар шартпен белгіленген мөлшерде аудандық бюджеттен өтелсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау ауданы әкімінің орынбасары Э.К. Күзенбаевқа жүктелсін.

6. Осы қаулы оны алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұзынкөл

ауданының әкімі

Т. Ташмагамбетов

КЕЛІСІЛДІ:

Қостанай облысы әкімдігі денсаулық

сақтау басқармасының "Ұзынкөл

аудандық орталық ауруханасы"

коммуналдық мемлекеттік

кәсіпорнының бас дәрігері

\_\_\_\_\_ К. Ержанов

Әкімдіктің  
2012 жылғы 1 наурыздағы № 90  
қаулысына қосымша

**2012 жылға ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың  
түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары**

№	Ұйым атауы	Жұмыс түрлері	Жұмыс көлемі	Нақты жағдайлары
	Костанай облысы	Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін күнделікті жұмыстарға көмек: аумақты жинау және абаттандыруға көмек; жөндеу жұмыстарын өткізу degi көмек; Костанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының		Қазақстан Республикасының енбек заңнамасымен қарастырылған

1.	әкімдігі деңсаулық сақтау басқармасының "Ұзынкөл аудандық орталық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	"Ұзынкөл аудандық орталық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Бауман, Ершов, Киев, Киров, Куйбышев, Новопокров, Петропавл, Чапай, Федоров, Пресногорьков, Россия, Суворов, Карлмаркс, Ұзынкөл селолық округтерінің, Троебрат, Ұзынкөл, Ряжск селоларының аумағындағы тұрган объектілерін жөндеуге және абаттандыруға катысу.	151200 сағат	шектеулерді есепке алып, қоғамдық жұмыстарға бір катысушының жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспайтын, eki демалыс күндерімен, бір сағаттан кем емес түскі үзіліс.
----	---	---	-----------------	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК